

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ
АТЫНДАҒЫ
№6 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

БҰЙРЫҚ

Солдатқұлы
Степногорск қаласы

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 6
ИМЕНИ АБАЯ КУНАНБАЕВА»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА СТЕПНОГОРСКА

ПРИКАЗ

№ 23 ж/к
город Степногорск

**«Абай Құнанбаев атындағы № 6 мектеп-гимназия»
КММ пандемия кезеңінде COVID – 19
коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу
мақсатында шараларды күшейту туралы**

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтардың, басқа да қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында №6 МГ, сонымен қатар, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекция (бұдан әрі – коронавирустық инфекция) таралуының алдын алу үшін Степногорск қаласы білім бөлімінің 14.03.2020 № 98 бұйрығының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Абай Құнанбаев атындағы № 6 мектеп-гимназия» КММ әкімшілігі мен ұжымына:
 - 1) оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыратын санитарлық-эпидемиологиялық және профилактикалық іс-шараларды күшейту жөнінде шаралар қабылдау;
 - 2) ағымдағы жылдың 13 наурызынан бастап сыныптан тыс жаппай іс-шаралар өткізуге тыйым салу (мерекелік, концерттік, мәдени, спорттық іс-шаралар, конференциялар, семинарлар, көрмелер және т. б.);
 - 3) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық спорттық, мәдени, туристік іс-шараларға шығуына тыйым салу;
 - 4) кеңестер, отырыстар, кездесулер өткізуді азайту немесе онлайн – режимде (педагогикалық кеңестер және басқа да кеңестер) өткізу;
 - 5) секция және үйірме жұмыстары тоқтатылсын;
 - 6) сынып жетекшілерге ата-аналармен және балалармен қашықтықтан байланысты жүзеге асыру;
 - 7) әлеуметтік педагог пен психологқа бақылау топтарының оқушылары мен ата-аналарына эмоциялық және психологиялық қолдау көрсету.